

*Өзгерістер енгізу
Академияның Ғылыми Кеңесінің
2023 жылғы 31 мамырдағы
шешімімен бекітілген
№ 15 хаттама*

*Академия Ғылыми Кеңесінің
2022 жылғы 25 ақпандағы
шешімімен бекітілген,
№ 12 хаттама*

**«8D04114 - Экономика»
докторантураның білім беру бағдарламасы**

1. Бағдарламаның атауы: «8D04114 – Экономика» докторантураның білім беру бағдарламасы (даярлау бағыты «8D041 – Бизнес және басқару»).

2. Оқу мерзімі: 3 жыл

3. Кредиттер саны (ECTS): 186

4. Бағдарламаның сипаттамасы:

Бағдарлама үздік әлемдік тәжірибелер негізінде әзірленді және экономикалық процестерді зерттеуде талдау дағдыларын қолдануға негізделген, мемлекеттік деңгейде тиімді басқарушылық шешімдер қабылдау үшін мемлекеттік қызметшілердің құзыреттерін қалыптастыруға бағытталған.

Шешімдер қабылдау нақты негіздемесі мен есептеулері бар дәлелдеу саясатының қағидаттарына негізделуі тиіс, осыны ескере отырып, бағдарлама микро және макро деңгейлерде сапалы экономикалық талдау жүргізуге, әлеуметтік-экономикалық процестерді тиімді басқару үшін негізделген басқарушылық шешімдерді қабылдауға қабілетті мамандарды даярлауға бағытталған.

Доктор дәрежесін алу үшін 186 кредитті игеріп, докторлық диссертацияны қорғау қажет. Теориялық блоктың 51 кредитінен докторантқа кәсіптік салаға, зерттеу қызығушылықтарына және құзыреттер деңгейіне сәйкес курстарды таңдау үшін элективті пәндер каталогынан 4 кредитті таңдау мүмкіндігі беріледі.

5. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері:

Мақсаты: қазіргі заманғы экономикалық ойлау қабілеті бар, экономика саласында «алдыңғы қатарлы» теориялық білімді, ғылыми-зерттеу және практикалық дағдыларды меңгерген, сыни ойлауға және тиімді шешімдер қабылдауға қабілетті мемлекеттік қызметшілерді даярлау.

Бағдарламаның міндеттері:

– стратегиялық мақсаттар мен басымдықтарға сәйкес нақты міндеттер қою негізінде жұмысты тиімді жоспарлау және ұйымдастыру дағдыларына үйрету;

– сандық, сапалық және т. б. ақпаратты талдау негізінде, қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін қолда бар ресурстар мен әлеуетті қатерлерді ескере отырып, стратегиялық деңгейдегі шешімдердің балама нұсқаларын әзірлей білуге оқыту;

– мемлекеттік орган қызметінің тиімділігін қамтамасыз етуге инновациялық тәсілдерді енгізу, талдау, өндіру дағдыларына үйрету;

– «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» Тұжырымдамасы жағдайында мамандандырылған экономикалық дағдылар мен білімдерді тұрақты түрде жаңартып, игере білуге үйрету.

6. Бағдарламаның артықшылықтары:

– оқытудағы пәнаралық, жеке және құзыреттілік тәсіл; аралас салаларда білім мен дағдыларды игеруге мүмкіндік беретін пәнаралық тәсіл;

– мемлекеттік басқару жүйесінің нақты экономикалық мәселелерін талдау және шешу арқылы оқыту мен зерттеудің нәтижеге бағдарлануы;

– Қазақстанның мемлекеттік органдарында, зерттеу орталықтарында және шетелдегі мемлекеттік басқарудың кәсіптік мектептерінде практикадан және тағылымдамадан өту;

– өңірді, саланы, ұлттық экономиканы дамытудың өзекті мәселелерін шешуге бағдарланған ғылыми-зерттеу жұмысын (диссертацияны) орындау;

– теориялық және қолданбалы пәндердің бірегей үйлесімі, ғылыми-зерттеу семинарларындағы жобалау және зерттеу жұмысы;

– үштілді оқыту: қазақ, орыс, ағылшын;

– Академия оқытушыларының тәлімгерлік, жетекшілік етуі;

– Ассесмент-орталық арқылы құзыреттерді бағалау нәтижелері негізінде оқытудың жеке траекториясы;

– жетекші лектор-практиктерді, «Visiting Professors» және жоғары деңгейдегі сарапшыларды тарту;

– кәсіби және сараптамалық нетворкингті дамыту, әртүрлі мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілермен өзара іс-қимыл, өзара оқыту (peer learning).

7. Оқудан күтілетін нәтижелері:

«Экономика» докторантураның білім беру бағдарламасының докторанттары үшін белсенді дамып келе жатқан конвергентті ортаның табиғатын, жаңа технологиялар мен әлеуметтік-экономикалық трансформацияны терең түсіну ортақ болуға тиіс. Оқытудың нәтижесі әртүрлі саясаттың әлеуметтік, экономикалық процестерге әсерін талдау үшін микро-, макроэкономикалық теория мен модельдерді, эконометриялық теорияны сауатты пайдалану және шешім қабылдаудың барлық деңгейлерінде ұтымды басқару стратегиясын қалыптастыру нұсқаларын модельдеу.

8. Бағдарламаның құрылымы және академиялық контент:

Семестр	Пәндер атауы	ECTS
1	Сапалық зерттеу әдістері: құралдар жинағы және мәліметтер жинау	2
	Сандық зерттеу әдістері: құралдар жинағы және мәліметтер жинау	2
	Академиялық жазылым және зерттеу дизайны	2
	Қолданбалы микроэкономика	2
	Элективті пәндер каталогынан таңдау компоненті	2
	<i>Докторанттың эксперименттік-зерттеу жұмысы (бұдан әрі – ДЭЗЖ)</i>	21
	1 СЕМЕСТР БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ	31
2	Сапалық зерттеу әдістері: деректерді өңдеу және талдау	1
	Сандық зерттеу әдістері: деректерді өңдеу және талдау	2
	Қолданбалы статистика	2
	Қолданбалы макроэкономика	4
	Элективті пәндер каталогынан таңдау компоненті	2
	Өндірістік практика	5
	<i>Докторанттың эксперименттік-зерттеу жұмысы (бұдан әрі – ДЭЗЖ)</i>	15
	2 СЕМЕСТР БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ	31

3	Зерттеу қызметін жобалау	1
	Сандық талдау әдістері	3
	Қолданбалы эконометрикалық талдау	2
	Мемлекеттік қаржы және қаржылық талдау	3
	Өндірістік практика	5
	Докторанттың эксперименттік-зерттеу жұмысы (бұдан әрі – ДЭЗЖ)	20
	3 СЕМЕСТР БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ	34
4	Зерттеу қызметін жобалау	1
	Тағылымдама	3
	Өндірістік практика	10
	Докторанттың эксперименттік-зерттеу жұмысы (бұдан әрі – ДЭЗЖ)	16
	4 СЕМЕСТР БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ	30
5	Докторанттың эксперименттік-зерттеу жұмысы (бұдан әрі – ДЭЗЖ)	30
	5 СЕМЕСТР БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ	30
6	Докторанттың эксперименттік-зерттеу жұмысы (бұдан әрі – ДЭЗЖ)	18
	Қорытынды аттестация (докторлық диссертацияны жазу және қорғау)	12
	6 СЕМЕСТР БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ	30
Теориялық білім+практика бойынша барлығы		51
Қорытынды аттестация (докторлық диссертация жазу және қорғау)		12
Докторанттың эксперименттік-зерттеу жұмысы (бұдан әрі – ДЭЗЖ)+тағылымдама		123
МІНДЕТТІ ТҮРДЕ МЕНГЕРУГЕ АРНАЛҒАН КРЕДИТТЕРДІҢ САНЫ		186